

Табантал ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 15 желтоқсанда № 3-12-67 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 07.07.2015 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде және мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 07.07.2015 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Табантал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 28.11.2017 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Табантал ауылдық округінің келесі елді мекендерінің көшелеріне атаулар берілсін:

Табантал ауылында - Табантал көшесі, көшеге осы елді мекеннің барлық үйлері жатады;

Бақай ауылында - Бақай көшесі, көшеге осы елді мекеннің барлық үйлері жатады;

Жайлаусай ауылында - Жайлаусай көшесі, көшеге осы елді мекеннің барлық үйлері жатады;

Көптоғай ауылында - Көптоғай көшесі, көшеге осы елді мекеннің барлық үйлері жатады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округі әкімінің 04.02.2021 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК